

Саргелтаева А.К.¹, Ыбырайқызы Г.²

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан*

*E-mail: ardaksar2016@gmail.com, kyrenbel@mail.ru
ORCID: 0000-0001-8118-3846, 0000-0002-5776-9449*

**АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН
ӘРТҮРЛІ МІНЕЗ КӨРІНІСТЕРІ**

Аңдатпа. Мақалада ақын Абай Құнанбаевтың өлеңдеріндегі мінез концептісі, олардың когнитивті тұрғыдан бейнелену, көріну жолдары сипатталады. Мінез концептісіне байланысты отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми пікірлері талданады. Концепті мен ұғым терминдерінің анықтамалары ғылыми түрде дәлелденіп, мағыналары айқындалады. Жалпы әдебиеттегі қолданылатын концептінің түрлері сараланып беріледі. Сонымен қатар автордың идиостилі мен ұлттық таным арасындағы өзара когнитивтік байланысы көрсетіледі. Сол арқылы мінез концептісінің қыр-сыры ашылады. Ақын өлеңдеріндегі мінез концептісінің берілу жолдары нақты мысалдармен талдана отырып, жалпы барлық шығармаларының өзегі мінез екендігі ғылыми дәлелдермен көрсетіледі. Жалпы адамзатқа және ұлттық мінезімізге сай жақсы, жаман қасиеттерді бейнелеуде қолданылған тілдік бірліктер талданады. Сонымен қатар концептосфераны құрайтын элементтер жеке-жеке қарастырылып, ақынның негізгі ұстанымы мен мінез концептісін айқындаудағы қолданылған ұлттық құндылықтары да көрсетіледі. Өлеңдеріндегі мінез концептісін білдіретін элементтердің мән-маңызы мен мағынасы нақты беріледі. Абай өлеңдеріндегі басты құндылық – адам, ақыл, білім, жақсы мінез болса, басты мақсаты – адамды тәрбиелеу. Абай көркемдік сана мен философияны ұштастыра білген ақын. Адам баласының рухани өмірінің мәні, мағынасы оның ішкі жан-дүниесімен қатар, қоғамдық сана қызметіне тәуелді болғандықтан Абай өлеңдеріндегі мінез концептісінде қоғамның болмысы, танымы, мінезі мен психологиясы айқын суреттеледі. Ақынның әртүрлі әлеуметтік топтағы адамдардың мінезін сипаттаған өлеңдері концепт тұрғысынан кеңінен талданып, ұлттық таным жүйесінен айқындалады. Әрі ақынның жеке шығармашылық стилінің қалыптасуына әсер ететін отан, жер, білім және өзге де объективті, психологиялық құбылыстар жан-жақты сипатталады.

Кілт сөздер: концепт, концептосфера, когнитив, мінез концептісі, таным.

Саргелтаева А.К.¹, Ыбырайқызы Г.²

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан*

*E-mail: ardaksar2016@gmail.com, kyrenbel@mail.ru
ORCID: 0000-0001-8118-3846, 0000-0002-5776-9449*

Различные черты характера, встречающиеся в стихах Абая

Аннотация. В статье описываются концепты поведения в стихах поэта Абая Кунанбаева, способы их когнитивной репрезентации и проявления. В зависимости от концепта поведения анализируются научные суждения отечественных и зарубежных ученых. Научно обоснованы определения концепт и понятия, определены значения. Виды концептов, используемых в общей литературе, представлены дифференцированно. Также показана взаимная когнитивная связь между идиостилем автора и национальным познанием. Тем самым раскрываются тонкости концепта поведения. Пути передачи концепта

поведения в стихах поэта анализируются на конкретных примерах, а научные доказательства показывают, что стержнем всех его произведений в целом является характер. Анализируются языковые единицы, использованные в изображении хороших, плохих качеств, соответствующих человечеству в целом и нашему национальному характеру. Также отдельно рассматриваются элементы, составляющие концептосферу, демонстрируются национальные ценности поэта, использованные в определении его основного положения и концепта поведения. Значение элементов, выражающих концепт поведения в стихах, дается четко. Если главными ценностями стихов Абая являются человек, ум, знания, хороший характер, то главная цель – воспитание человека. Абай – поэт, сочетающий в себе художественное сознание и философию. В его стихах концепция характера ярко описывается бытием, познанием, поведением и психологией общества, так как смысл и значение духовной жизни человека, наряду с его внутренней душой, зависит от деятельности общественного сознания. Стихи поэта, описывающие характер людей разных социальных групп, широко анализируются с концептуальной точки зрения и определяются национальной системой познания. Подробно описываются родина, земля, образование и другие объективные, психологические явления, влияющие на формирование индивидуального творческого стиля поэта

Ключевые слова: концепт, концептосфера, когнитивный, поведенческий концепт, познание.

Sargeltayeva A.K.¹, Ybyraikyzy G.²

Al-Farabi Kazakh National University,

Almaty, Kazakhstan

E-mail: ardaksar2016@gmail.com, kyrenbel@mail.ru

ORCID: 0000-0001-8118-3846, 0000-0002-5776-9449

The concept of character (behavior) in the poems of Abay

Abstract. The article describes the concepts of behavior in the poems of the poet Abay Kunanbayev, the ways of their cognitive representation and manifestation. Depending on the concept of behavior, the scientific judgments of domestic and foreign scientists are analyzed. The definitions of the concept and the concept are scientifically justified, the values are determined. The types of concepts used in the general literature are presented differentially. The mutual cognitive connection between the author's idiosyncrasy and national cognition is also shown. Thus, the subtleties of the concept of behavior are revealed. The ways of transmitting the concept of behavior in the poet's poems are analyzed on specific examples, and scientific evidence shows that the core of all his works as a whole is character. The article analyzes the linguistic units used in the depiction of good and bad qualities that correspond to humanity as a whole and our national character. Also, the elements that make up the concept sphere are considered separately, the national values of the poet used in determining his basic position and the concept of behavior are demonstrated. The meaning of the elements that express the concept of behavior in the verses is clearly given. If the main values of Abay's poems are man, mind, knowledge, good character, then the main goal is to educate a person. Abay is a poet who combines artistic consciousness and philosophy. In his poems, the concept of character is vividly described by the existence, cognition, behavior and psychology of society, since the meaning and significance of a person's spiritual life, along with his inner soul, depends on the activity of social consciousness. The poet's poems describing the character of people of different social groups are widely analyzed from a conceptual point of view and are determined by the national system of knowledge. The author describes in detail the motherland, the land, education and other objective, psychological phenomena that affect the formation of the individual creative style of the poet.

Key words: concept, conceptsphere cognitive, behavioral concept, cognition.

1. Кіріспе (Ыбырайқызы Г.)

Концепт адам танымымен астасып жататын, автордың білімімен, өмір тәжірибесімен, ұлттық таным-түсінігімен біте қайнасып өмірдің өзегіне айналған ұғымдардың жиынтығы болып табылады. Концепт – әлемнің тілдік бейнесін

айқындап, автордың идиостилін танытатын бірден-бір құрал. Көркем әдебиетте концептіні айқындау барысында интерпретациялық, герменевтикалық, типологиялық, компаративистикалық, эксперименттік, т.б. жалпы көркем шығарманы талдауға тән әдіс-тәсілдер қолданылады. Л.В. Миллер концептінің төрт түрін көрсетеді. Бірінші сезім концептісі, әр ұлттың өзіне тән психологиялық таным жүйесі мен мінезі болады, ал осы сезімдерді білдіретін этномәдени құндылықтарды танытатын бірліктерді концепт деп атаймыз. Екінші ұлттық, қоғамдық жүйемен анықталатын концепт, оған ұлтты танытатын ұғымдар жатады, мысалы киіз үй, жеке тарих, тұлға. Үшінші аксиологиялық, көркем-эмотивті концептілер. Төртінші этномәдени тұрғыдан түсіндірілетін концептілер (Миллер, 2000). Бұл концептілер шығармада араласып беріледі әрі көркем-эмотивті концептілер мен этномәдени концептілер өте ұқсас болып келеді. Осы тұстарда ұғым мен концептіні шатастыруға болмайды. Ұғымның анықтамасына нақты объективтілікті білдіретін сөз бен тілдік бірліктердің мағынасы жатады. Ұғымның ауқымы тар болып келеді. Ал, концепт «жеке-дара сөз аясында емес, белгілі бір танымды айқындайтын тірек сөздер, кейде үлкенді-кішілі мәтіндер көлемінде танылады» (Нұрдәулетова, 2011); Д. Лихачев: «Концепты возникают в сознании человека не только как «намекы на возможные значени», «алгебраическое их выражение», но и как отклики на предшествующий языковой опыт человека в целом – поэтический, прозаический, научный, социальный, исторический и т.», – деп концепт адам санасында белгілі бір мағынаға сілтеме ретінде және адамның тілдік тәжірибесіне поэтикалық, ғылыми, әлеуметтік, тарихи, т.б. нұсқаушы ретінде туындайтынын айтады (Лихачев, 2015:243).

А. Исламның пікірінше, «концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым» (Ислам, 2004). Яғни кез келген шығарма бойынан, бір ұлттың, тұлғаның тағдыры мен өмірі көрініс алып, автордың жеке бейнесі, автор идеясы көрінеді. Сол себептен де әр қаламгердің шығармасынан оның өмірлік мұраты мен шығармашылық мақсаты, жеке тұлғалық ұстанымы белгілі болып тұрады. Кейбір ақын жазушылардың жеке шығармашылық стиліне отан, жер, білім және өзге де объективті, психологиялық құбылыстар мен ұғымдар тән болып келеді. Ал сол арқылы қаламгерлерді оқырмандары жазбай таниды.

2. Материалдар мен әдістер (Ыбырайқызы Г.)

«Адам баласының өмірге келуінің, өмірінің және өмірден кетуінің, адамдығының мағынасы мен мәні туралы Абай анықтама, сипаттама ғана беріп қойған жоқ, концептуалды қағидалар жүйесін жасап, өзінің ілімін қалыптастырды» (Дәдебаев, 2021). Осы орайда, ақынның идиостилін танытатын бірден-бір белгісі – мінез концептосферасы десек артық айтпаған болар едік. Ақынның кез келген шығармасының бойынан табылатын, ақынның атын ататпай-ақ бірден көңілге күп етіп құйылып, авторын санамызға сап етіп салатын да оның Жер деп аталатын ғаламшарда ғұмыр кешетін жұмыр басты пендеге тән мінезді өлеңіне өзек етіп алуы еді. Байқап отырсақ, Абайдың шығармаларындағы мінез жалпы адамзатқа тән мінез-құлықты, жақсы-

жаман қасиеттерді айта келіп, ұлттық мінезіміздегі сын-кемшіліктерді де нақты себепімен түсіндіреді.

Мінез концептісіне негізінен тілдік бірліктер, нақты және абстрактілі ұғымдар, автордың жеке идиостилин танытатын синтаксистік оралымдар жатады. Ал Абай шығармаларының өзегі мінез болғандықтан да, мінез концептісін жан-жақты талдайтын боламыз. Ақынның туындылары жалпы адамзаттық мәселелер мен қасиеттерді арқалауымен құнды. Ақынның ілімі біреу емес, екеу. Оның бірі адам туралы, екіншісі әр жақсы нәрсенің өлшемі туралы (Дәдебаев, 2021). Сондықтан да қанша жыл, қанша уақыт өтсе де өз күші мен мән-маңызын жоймай, ұрпақтан-ұрпаққа сақталып, тіпті жаңаша сипат алып, заманның ағысына сай актуалданып жатқаны жасырын емес. Басқа тілдерге де аударылып, адамзат мүддесі үшін әлі күнге қызмет етіп келе жатыр.

Осы тұста зерттеу мақаламызға қатысты А. Құнанбайұлының екі томдық шығармалар жинағы және Ж. Дәдебаевтың, В.Г. Зусманның, Л.В. Миллердің, Д. Лихачевтің, Л.Н. Дәуренбекованың, Б.И. Нұрдәулетованың ғылыми-теориялық, әдіснамалық тұжырымдары басшылыққа алынды.

2.1 Зерттеу әдістері (*Ыбырайқызы Г.*)

Абай өлеңдерінде кездесетін әртүрлі мінез концептісін талдау ғылыми мақала аясындағы зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін құрады. Мінез – бүкіл тіршілік иесіне тән жеке-жеке қасиеттердің жиынтығы. Ал адам мінезінің қыры мен сырына үніліп, үлкен философиялық толғамдар мен кесек ойлардың тұжырымын жасаған ақын шығармаларының, соның ішінде өлеңдерінің орны бөлек. Тіпті ақынның табиғат, әлеуметтік лирикаларының өзінен мінездің үйлесімді үлгісін көруге болады. Абай өлеңдеріндегі осындай ерекшеліктерді ескере отырып, зерттеу мақаламызда танымдық, ұғымдық семантикалық, көркемдік-эстетикалық талдау әдістері қолданылады.

2.2 Материалға сипаттама (*Ыбырайқызы Г.*)

Мақаланы жазуға ғалым-әдебиеттанушы Ж. Дәдебаевтың Абай ілімін білу, түсіну және қолдану атты зерттеу мақаласында Абай іліміндегі әр жақсы нәрсенің және жаман деген істің өлшемі туралы саралаған ойлары өз септігін тигізді. Ғалым Абайдың қырық үшінші сөзіндегі: «Әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар. Өлшеуінен асса жармайды. Өлшеуін білмек – бір үлкен керек іс», – деген ойын негізге ала отырып, Абай айтқан адам мінезіндегі «бес асыл іс» пен «бес дұшпанның» Абай ілімінің құрамдас бөлігі – ақыл, қайрат, жүректің «бірлескен қызметі арқылы анықталатынын» нақты дәлелдермен тұжырымдайды. Сондай-ақ зерттеуімізге арқау болған В.Г. Зусманның еңбегінде концепт ұғымы «мәдени және мәдениетаралық коммуникацияның бірлігі» ретінде қарастырылады. Яғни концепт «мәдениет жүйесіндегі байланысты тудырады». «Байланыс процесінде «мәдениеттің» барлық ішкі жүйесінде концептінің ассоциативті әлеуетін кеңейтетін тікелей және кері байланыстар болады (идея, ассоциация, бейне, символ, мотив және лейтмотив)».

Д. Лихачев концептінің потенциалы адамның мәдени тәжірибесіне, білім қоры мен дағдысына байланысты екенін, адамның мәдени тәжірибесі мол болса,

концептінің де аясы кең болатын айтады. Б.И. Нұрдәулетованың пайымдауынша: «Концепт – индивидтің, тілдік ұжымның дүние, жаратылыс, оның түрліше заттары мен құбылыстары туралы өмір тәжірибесі, білімдік аясы (көзқарасы, танымы) негізінде, өзі өмір сүретін әлеуметтік ортаның мәдениетінен қабылдап, қалыптастырған танымдық, білімдік жүйесі» (Нұрдәулетова Б.И., 2011:59). А. Ислам «әр ұлттың концептілер жүйесін дүниетаным құндылықтары құрайтынын» айтады. Л.В. Миллер концептіні: «Этномәдени қоғамдастықтың психоменталды саласы», «әмбебап көркемдік ретінде мәдени жадта жазылған тәжірибе», – деп тұжырымдайды (Миллер Л.В., 2000:41-42).

3. Талқылау (Саргелтаева А.)

Енді ақын өлеңдерінен мысал келтіріп, мінез концептісінің концептосферасын айқындап, талдасақ.

Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек? өлеңінде ел билер әкімнің не басшының бойындағы жағымсыз мінездер сынға алынған. Тұтас өлең жүйесінен мінез концептісін айқындайтын элементтерді анық көруге болады. Ақынның Лермонтовтан аударған бұл өлеңінен ұлт деп бөлінбестен, яғни әр ұлттың бойында бар кереғар кесір мінезді ашық баяндап, ұлттық танымымызды ана тіліміздің құндылығымен көрсетеді.

Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек?

Жұрты сүйген нәрсені ол да сүймек.

Ішің берік боп, нәпсіге тыюлысып,

Паңсымай, жайдақсымай, ірі жүрмек (Құнанбайұлы, 2002: 61).

Бұл шумақта ел билеуде маңызды рөл атқаратын мінездерді топтастырған. Мінез концептісін айқындап тұрған **жұрты сүйген нәрсені ол да сүймек** өлең жолы ұлттың сүйер азаматтың бойындағы болатын ең бірінші қасиет деп көрсетіп отыр. Ал жалпы ұлты жақсы нәрсені әлде жаман нәрсені сүйе ме оған еш мән берудің қажеті жоқ, егер еліңді билеу оңай болуы үшін дегенді меңзейді. Шумақтағы өлең жолдары адам бойындағы **жаны ашымау, салғырттық, пайдакүнем** сынды мінездердің концепт тізбегін құрап тұр. **Паңсымай, жайдақсымай, ірі жүрмек** егер контекст шеңберінде қарайтын болсақ адам бойындағы солай көріну, көлгірсу мінезінің синтаксистік оралыммен берілген концептосферасын құрап тұрған мінез концептісін айқындаушы бірліктер екенін көреміз.

Сасқаныңды көрсетпе ешкімге бір,

Сүйтсе де ірісімен кеңесіп жүр.

Кейбірін хауіптендір, мінін тауып,

Кейбірін жылы сөзбен көңілдендір (Құнанбайұлы, 2002: 61).

Ақын өлеңдерінің барлығы мінезге құрылып, адамзаттың жақсы мінезін үлгі етіп жариялап, қисық-қыңыр мінезін сынап, оны түзету үшін бар жан-тәнін салған жүрек

үнін естуге болды. *Сасқаныңды көрсетпе ешкімге бір: адамның өз болмысынан басқа болып көріну мінезі; Сүйтсе де ірісімен кеңесіп жүр: жағымпаз, пайдақор; Кейбірін хауіптендір, мінін тауып: әлімжеттік, өзін зор көрушілік; Кейбірін жылы сөзбен көңілдендір: өтірік мүләйімесу, көлгірсу.* Көрсетілген бұл мінез концептосферасын құрайтын ұғымдар ұлттық танымымыздың бір бөлшегі ретінде санамызда абстрактілі түрде сақталады. Сонымен қатар шумақтағы әр өлең жолдары адам бойындағы жағымсыз мінездердің концептілік тізбегін градациялық жолмен беріп тұр. Ал бұл дегеніміз жаман басшының бойында болатын жағымсыз мінездерді үстемелеп беру арқылы сол тұстағы өмір шындығын көркем шындыққа шебер түрде айналдыруы болып табылады.

Көрінбе ел көзіне әсте қорқақ,
Жанды жан демейтұғын жан шығып бақ,
Анда-санда құтырған жаман емес,
Оныңды жиі қылмай және бол сақ (Құнанбайұлы, 2002: 61).

Қарап тұрсақ шумақтағы өлең жолдары біргіп келіп адам бойындағы болатын **батырсымақтық, астамшылық** мінездерінің ұғымдық негізін құрап, оның когнитивтік сипатын арттырып тұр. Себебі бұл өлең жолдарын түсіну оның астарына бойлау қазақ үшін ешқандай қиындығы жоқ. Концепт санада сайрап, тілмен өрнектелетін ауқымы кең термин. Сондықтанда ол автордың таным-түсінігі мен тәжірибесіне, өскен ортасы мен біліміне байланысты тіпті тәуелді болып келеді.

Кісімісі қайда жүрсең олжаға тоқ,
Шоқыма халық көзінше қарғаша боқ.
Жұрт – жас бала, ешнәрсесін тартып алма,
Білдіртпей ептеп алсаң залалы жоқ (Құнанбайұлы, 2002: 62).

Өлең жолдары **тәкәппарлық, ашкөздік, пайдақорлық, кісі ақысын жсеу** сынды кеселді мінездердің концептілік тізбегі, мағынасы болып табылады. Егерде өлең жолдарына осы сөздерді қойып айтсақ өлең мағынасы еш өзгеріссіз қалады. Тек стилистикалық жағынан өзгергенімен айтар ойы мен мағыналық жағынан бір, ортақ болады.

Жат елге жадағайда сөйле шәрғез,
Тар жерде тайпалудан танба әр кез.
Жатты жау деп еліңді үрпитіп ап,
Жауға жабдық деп жиып, пайда қыл тез (Құнанбайұлы, 2002: 62).

Шумақтағы ой жоғарыда берілген шумақта айтылған, қорытылған ұғымдарды жалғастырып, когнитивті мән жүктеп, жаман басшының бойындағы кереғар мінездерді көрсетеді. **Төменшіктеу, қорқақтық** және басшыда болатын басты дертті **мінез пайдакүнемділіктің** концептосферасын құрап тұр. Жоғарыда айтқанымыздай ақын

өлеңдері тек қана мінезге құрылып, соны ғана жырлауға жаралғандай. Когнитивтіліктің ең басты белгілерінің бірі – санамен ұғынылып, таныммен қорытылатындығы. Сондықтан да ол әлемнің тілдік бейнесін, ұлттың ұранын, тұлғаның жеке даралығы мен ұлттық сипатын айқындаушы ретінде қызмет атқарады.

Ақынның баласына арнаған «**Әбдірахманға**» өлеңін талдап көрсек.

Орынсызды айтпаған,
Түзу жолдан қайтпаған,
Жақсылық қылар орында
Аянып бойын тартпаған (Құнанбайұлы, 2002: 87).

Өлең жолдары жалпы адам бойындағы жақсы, көркем мінезділікті тілге тиек етумен басталады. *Орынсызды айтпаған: бір сөзді, тұрашыл, салмақты; түзу жолдан қайтпаған: адалдық, әділдік, қайсарлық; Жақсылық қылар орында, аянып бойын тартпаған: мейірімді, қайырымды* сынды мінез концептілерін құрайды. Бұл өлеңдегі әр шумақ жақсы мінезді көрсетуде бір-бірінен градациялық жолмен үстемеленіп отырады. Сол арқылы өлең жолдары өзара контекстік тұрғыдан метафоралық мінез концептосферасын құрайды.

4. Нәтижелер (Саргелтаева А.)

Сөз атасын алыстан танитын қазақ үшін, бұл өлең жолдарында адами, имани мінездердің топталғанын көру, оны сезіну ешқандай да қиындық әкелмейді. Себебі ұлттық таным тұрғанда кез келген когнитивті ұғымдар өз жүйесін тез табады.

Ортасында кәпірдің
Арамынан татпаған.
Өмір бойы талпынып,
Ғылым іздеп, жатпаған (Құнанбайұлы, 2002: 87).

Әр өлең жолы тек бір ғана мағына немесе ұғым бермейді. Ол өлең жолдарының артында үлкен оқиға, тарих, тағылым, тәрбие, тұлға сынды маңызды құндылықтар тұрады. Сол себептенде оның когнитивтілік ауқымы кең болады. Оның концептосферасын әр қырынан айқындау қажеттілігі туады. Ол туралы В.Г. Зусман: «Литературный концепт – такой образ, символ или мотив, который имеет «выход» на геополитические, исторические, этнопсихологические моменты, лежащие вне художественного произведения», – деп концептінің қырларын ашып, анықтама береді (Зусман, 2001). Әбдірахман Түмен, Петербург қалаларында училищеде оқығаны белгілі. Ал ол кезде орыстардың үстемдігі жүріп тұрды. Сондай кезеңдерде басқа ұлттың арасында жаман мінездерге бой алдырмай, өз жаны мен тәнін былғамай таза сақтаған ұлына деген ақын Абайдың сағынышы жүрегінен шыққан шын асыл сөздерінен білініп тұр. *Ортасында кәпірдің, арамынан татпаған: тәртіпті, тәрбиелі, иманды; Өмір бойы талпынып, ғылым іздеп, жатпаған: еңбекқор, білімпаз, шыдамды* деген когнитивті ұғымдарды бере отырып, жалпы тұтас өлең жүйесінен жақсы мінездің түрлі

астарлы тұстарын көреміз. Сонымен қатар мінезге байланысты кез келген санамызда бейнеленген ұғымдар концепт бола алады. Олар тілде бейнелену арқылы нақтылыққа қол жеткізіп, сөз арқылы объективті сипат алады.

Түрленіп төре болдым деп,
Есерленіп шатпаған.
Жүз мың теңге келсе де,
Махаббатын сатпаған (Құнанбайұлы, 2002: 87).

Шумақтағы әр екі жол бір-бір ой, екі түрлі мағына мен ұғым беріп тұр. Жалпы ұғым, мағына, сөз, синтаксистік оралымдар, әдебиет теориясына тән түрлі троптық өзгеріске түскен тілдік бірліктерде, тіпті контексте концепт болып, концептосфераны құрай алады. Сондықтан да өлеңнің екі жолы бірігіп, сөйлем болып, нақты пікірді беріп тұр деуге болады. *Түрленіп төре болдым деп, есерленіп шатпаған: кішіпейіл, ұстамды, менсінбеушіліктен таза; жүз мың теңге келсе де, махаббатын сатпаған: арлы, ынсапты, қанағатшыл* сынды мінездердің концептосферасын құрап тұр.

Жүйріктікпен шалқымай,
Тура сөзді жақтаған.
Бала айтса да хақ сөзді,
Бұрылмастан тоқтаған (Құнанбайұлы, 2002: 87).

Бұл шумақ толығымен контекстік тұрғыдан адам бойындағы өте маңызды әрі сирек кездесетін мінез *әділдіктің* концептілік тізбегін құрайды. Сонымен қатар *жүйріктікпен шалқымай* деп берілген өлең жолы адам бойындағы қарапайымдылықты білдіре отырып, әділдік, әділеттілік концептісінің негізгі сипатын ашып тұр.

Өтіріксіз турашыл,
Еш сөзі жоқ таппаған.
Сыйласарлық кісіге,
Түк қалмайтын сақтаған (Құнанбайұлы, 2002: 88).

Шумақтағы алғашқы екі жол алдыңғы шумақтағы айтылған ойды жалғастырып, нақтылап, *әділдік* концептісінің мәнін ашады. Өтіріксіз *турашыл*, еш сөзі жоқ таппаған деп әділдік концептісінің концептосферасын айқындап береді. *Сыйласарлық кісіге, түк қалмайтын сақтаған: жомарт, қолы ашық, береген, көпшіл* деген ұғымдарды бере отырып, оқырмандардың санасына көркем мінезділіктің үлгілерін ассоциациялап тұр. Ақынның әр өлең жолы өзінше бір концепт әрі сол концептінің айқындаушы құралдар десек артық айтқанымыз емес. Себебі ақынның кез келген шығармасынан мінезді, адами болмыс пен жаратылыстың шебер үйлесім тауып, сөзбен өрілген өмірді көреміз.

Білдіруші ең үндемей,
Істі қылған жақпаған.

Ағайын мен туғанды
Тірілікте мақтаған (Құнанбайұлы, 2002: 88).

Бұл шумақ алдыңғыларында айтылған концептілік ұғымдардың жалғасы болады. Өлең жолдарын оқығанда **сыр сақтағыш, көпшіл, жанашыр, бауырмал** сынды ешқандай да риясыз мінездердің санамызда бейнеленгенін көреміз. Жалпы шумақтағы өлең жолдары әртүрлі іс-әрекеттерге құрылып, түрлі оқиғаларды баяндап тұрғанымен, өлеңнің мәні, айтар ойы біреу. Ол – мінез. Мінез концептосфера бола отырып, оның санада, ойда ассоциацияланып, қорытылған түсініктер ұғымға айналып, тілдік бірлік ретінде концептілік тізбекті құрайды. Сол себептенде осы айтылған барлық концептілік тізбектер – концептосфераны құрайтын бірден-бір құралдар.

«**Малға достың мұңы жоқ малдан басқа**» өлеңін талдап көрсек.

Малға достың мұңы жоқ малдан басқа,
Аларында шара жоқ алдамасқа.
Табысына табынып, қалтаң қағып,
Тойғанынан қалғанын берсе алашқа (Құнанбайұлы, 2002: 13).

Аты атап тұрғандай бұл өлеңнің көтерер басты тақырыбы – **дүниеқоңыздық пен сараңдық**. Ал тұтас өлең жүйесі адам бойындағы ең жаман мінездердің концептілік тізбегін беріп, когнитивті жүк арқалап тұр. Берілген өлең жолдарынан **сараң, өтірікші, дүниеқоңыз, пайдақор** сынды концептілік мінездердің концептосферасын көруге болады.

Мал жияды мақтанын білдірмекке,
Көзге шұқып, малменен күйдірмекке.
Өзі шошқа, өзгені ит деп ойлар,
Сорпа сумен, сүйекпен сүйдірмекке (Құнанбайұлы, 2002: 13).

Шумақтағы ой алдыңғы ойдың заңды жалғасы болып табылады. Сонымен қатар **мақтаншақтық, тәкаппарлық** мінездерінің когнитивті көрінісі болып тұр.

Ақылды деп, арлы деп, ақпейіл деп
Мақтамайды ешкімді бұл күнде көп.
Осы күнде мал қайда, боқ ішінде,
Алтын алсаң, береді боғынан жеп (Құнанбайұлы, 2002: 13).

Мансапқорлық, парақорлық, ашкөздік секілді кеселді мінездердің шынайы, нақты айқындаушы бола отырып, жалпы өлең жолдарынан ақын заманындағы оқиғаларды, адами болмыстар мен сол тұстағы психологиялық ахуалдарды да көруге болады. **Еңбекті сат, ар сатып неге керек?** деп ақын ең үлкен мәселе адам бойындағы кеселді мінездерді көркем мінезге айналдырудың жауабын айтады. Ақын шығармалары адам мінезінің қыры мен сырын, ішкі қатпарын ашуымен құнды. Сондықтан да ақын мұрасы өлмейтін қазына болып табылады.

5. Қорытынды (Саргелтаева А.)

Жалпы концепт арқылы біз ақынды танимыз, себебі концепт кез келген қаламгердің идиостилін, тілдік ресурстары мен сөз құрау, сөйлем құрау ерекшеліктерін, өмірлік тәжірибесін көрсететін белгісі болып табылады. Ал концептіні құраушы компоненттер когнитивті ойлаудың, таныммен таразылаудың нәтижесінде болатын құбылыстар. Қаламгерге де, оқырманға да ұлттық сана мен таным ортақ болғанда қандай концепт тілге тиек болып жатқанын білу қиын емес. Сондықтанда концепт, когнитивті таным әлемнің тілдік бейнесі ретінде көріне алады.

Концепт термині – қазіргі әдебиет зерттеушілерінің алдында тұрған басты мәселелердің бірі. Себебі концептіні басқа да жаратылыстану және гуманитарлық ғылым салаларының аясында қарастыру арқылы жаңаша, тың зерттеулердің куәсі болуға болады. Көркем әдебиеттің өзегі де таным, астарына бүккен шындақ екені белгілі. Сол тұрғыдан когнитивтік зерттеулер мен талдаулар мәдениеті мен әлеуеті озық елдердің қатарынан ойып тұрып орын алу кепілдіктерінің бірі. Ал осындай ақпараттық технологиясы қарыштап дамыған заманда, Абайдың гуманизмге толы, адамзаттық моралды қамтыған өлеңдеріне адамзат мұқтаж. Сол себептен де ақын өлеңдерін концептуалды тұрғыдан талдап, оқырманға жеткізу біздің басты міндеттеріміздің бірі болып отыр. Мінез концептісінің актуалды болуының тағы бір дәлелі психологияға, адам жанына үділуі. Әр шығарма автордың, ұлттың, мемлекеттің психологиясынан хабар беретін үлкен қару десек те артық айтқанымыз емес. Ал Абайдың өлеңдерінің дерлігі – жалпы адамзаттық және ұлттық мінезіміздің айқын көрсеткіші, сондықтан қазіргі мектеп, жоғары оқу орындарында ақын өлеңдерін когнитологиялық жағынан оқыту оқушылар мен студенттердің жоғары нәтижелерге жеткізудің әрі өзіндік таным тұрғысынан саралай алу қабілетін қалыптастырады. «Абайтану» гуманитарлық білім берудің инновациялық парадигмасына негізделетін болады (Daurenbekova, etc. 2020).

Ақын шығармаларының өміршеңдігі адамзаттың бойындағы «Мені» мен «Менікін» ашық әрі нақты көрсете алуында. Өмірлік мақсаты мен міндетін айқындап беруінде. Сондықтан да ақын өлеңдері тіршілікке тән мінез деген қасиетті концепт тұрғысынан талдауда ең құнды еңбектердің бастауы.

Әдебиеттер:

1. Дәдебаев Ж.Д. Абай ілімін білу, түсіну және қолдану // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – №4(184). – 2021. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph13>
2. Дәдебаев Ж. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 458 б.
3. Daurenbekova L.N., etc. Translation and interpretation of Abay's political – social lyrics into Turkic languages. Revista de Ciencias Humanas y Sociales // Año 36, Especial N° 26.
4. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Филол. ғыл. докт. дисс. автореф. – Алматы, 2004. – 47 б.
5. Зусман В.Г. Диалог и концепт в литературе. Литература и музыка. – Новгород, 2001.
6. Құнанбайұлы Абай. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.2: Өлеңдер мен аудармалар. 2002. – 336 б.
7. Лихачев Д. Избранные труды по русской и мировой культуре. – СПб., 2015. – 540 с.
8. Миллер Л.В. Художественный концепт как смысловая и эстетическая категория // Мир русского слова. – 2000. – №4.

9. Нұрдәулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика: оқулық. – Алматы: Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2011. – 312 б.

References:

1. Dadebaev Zh. (2021) History of Kazakh literature. – Almaty: Kazakh University, 458 s.
2. Dadebaev Zh.D. (2021) Knowledge, understanding and application of Abai's teaching // Bulletin of KazNU, philological series. – №4(184). <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph13>
3. Daurenbekova L.N., etc. (2020) Translation and interpretation of Abay's politikal – social Lurics into Turkic languages. Revista de Ciencias Humanas y Sociales // Año 36, Especial N° 26.
4. Islam A. (2004) Language picture of the world in the context of national culture. – Almaty. – S. 47.
5. Zusman V.G. (2001) Dialogue and concept in literature. Literature and music.
6. Kunanbaiuly Abai. (2002) Collection of works in two volumes. – Almaty: Writer. – Vol.2: poems and translations. – 336 p.
7. Likhachev D. Selected works on Russian and world culture. – St. Petersburg, 2015. – 540 p.
8. Miller L.V. (2000) Artistic concept as a semantic and aesthetic category // The world of the Russian word. – № 4.
9. Nurdauletova B.I. (2011) Cognitive linguistics: a textbook. – Almaty, 312 p.